

## **Сақтандырылушыға арналған автомобиль көлігін сақтандыру талаптары (КАСКО)**

Мен, \_\_\_\_\_ (ТАӘ), «Еуразиялық Банк» АҚ-тан алған Қарыз көмегімен сатып алынған көлік құралын сақтандыру жөніндегі осы талаптармен (бұдан әрі мәтін бойынша – «Сақтандыру талаптары») танысқанымды растаймын, Сақтандыру талаптарының көшірмесін алдым және оны сақтауға міндеттенемін, қарсы жағдайда осы Сақтандыру талаптарын бұзғаным үшін «Еуразиялық Банк» АҚ-қа келтірілген шығындардың орнын толтыруға міндеттенемін.

**Осы арқылы көлік құралын сақтандыру талаптары маған түсінікті екендігін және көлік құралына зақым келтіру/жоғалту/опат болуы сияқты оқиғалар басталған кезде төменде аталғандардың сақтандыру жағдайы болып танылуы мүмкін екендігін растаймын:**

келесі оқиғалардың нәтижесінде автомобиль көлігінің (қосымша құрал-жабдықтардың) жоғалуы (опат болуы) немесе зақымдалуы:

- 1) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** автомобиль көлігінің және оның қатысуымен жол қозғалысында туындайтын оқиға, басқа автомобиль көлігімен қақтығысу, жылжитын және жылжымайтын заттарға (ғимараттар, кедергілер, құстар, жануарлар және т.с.с.) соқтығысу (ұрылу), аударылу, суға батып кету, сондай-ақ қандай да бір заттың оған құлауы;
- 2) **үшінші тұлғалардың заңға қарсы әрекеттері:** автомобиль көлігін айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау не айдап кету, қарақшылық шабуыл жасау, тонау, ұрлау әрекеттерімен байланысты зақым келтіру;
- 3) **табиғи апаттар<sup>1</sup>:** боран, теңіз дауылы, дауыл, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, сел, таудың опырылуы, көшкін, тасқын, су тасқыны;
- 4) **өзге де алдын алуға болмайтын оқиғалар:** өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбырының, жылу немесе кәріз желілерінің зақымдауы.

Төменде көрсетілген оқиғалар туындаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынын түсінетінімді және келісетінімді растаймын.

**Келесі фактілер болғанда автомобиль көлігінің жоғалуы (опат болуы) немесе бүлінгі сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**

- 1) соғыс; басып кіру; шетелдік мемлекеттердің қастандық әрекеттері; әскери және соған ұқсас операциялар (соғыстың басталғанының жариялануына немесе жоқтығына байланыссыз) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүліктер; көтерілістер; локауттар; халық көтерілісіне дейін өскен немесе мөлшерлері өсе түскен азаматтық тәртіпсіздіктер; лаңкестік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; төңкерістер; әскери басқыншылық немесе билікті заңсыз басып алу; тәркілеу; иеліктен айыру немесе мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру; лаңкестік акциялар<sup>2</sup>;
- 3) радиоактивтік сәуле шығару немесе атом отының жағудан радиоактивтік отынмен немесе радиоактивтік қалдықтармен ластау;
- 4) Сақтанушының немесе Сақтандырушының не автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген өзге тұлғаның қасақана жасаған әрекеттері;
- 5) Сақтандырылған масаң күй мен сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың болуына қатыссыз автомобиль көлігін ішімдікке, уланғыш немесе есірткілік заттарға масаң күйінде немесе автомобиль көлігін басқару кезінде қолдануға болмайтын дәрі-дәрмектің әсерінде басқаруы;
- 6) автомобиль көлігін басқарудың тиісті санатына басқару құқығына жүргізушілік куәлігі жоқ тұлғаға автомобиль көлігін беру не басқаруға беру;
- 7) автомобиль көлігін Сақтандырушы - заңды тұлғаның жүргізушісінің (қызметкерінің) қызметтен және тапсырмадан тыс уақытта, жолсапар парағынсыз пайдалануы;
- 8) осы Шартта Сақтандырушы ретінде көрсетілмеген тұлғаның автомобиль көлігін басқаруы кезінде;
- 9) сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың болуына қатыссыз автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оқу-әдістемелік мақсаттарда қолдану;
- 10) сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың болуына қатыссыз автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе осы Шартта көрсетілгеннен басқа мақсаттарда қолдану;
- 11) сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың болуына қатыссыз Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз автомобиль көлігін жалға, лизингке немесе уақытқа иелікке беру;
- 12) сақтандыру жағдайының арасында себеп-салдарлық байланыстың болуына қатыссыз, сақтандыру жағдайына себепкер болған Сақтандырылушының автомобиль көлігін (көлік құралдарын) пайдалану ережелерін бұзуы, оның ішінде техникалық жарамсыз автомобиль көлігін, белгіленген тәртіпте техникалық тексеруден өтпеген автомобиль көлігін пайдалану, сонымен қатар өрт қауіпсіздігі ережелерін, тез тұтанғыш және жарылғыш затпен нәрселерді тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (Жол жүру ережелеріне сәйкес) бұзуы;
- 13) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру қорғаныс әрекеті кезеңінде туындауы;
- 14) осы Шартта сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген жағдайлар;
- 15) Сақтандырылған ЖКО орнынан автомобиль көлігімен немесе оны тастап кетіп қалса немесе оқиға орнында ЖКО бойынша құжаттар жасалғаннан кейін алты сағат ішінде алкогольдік, уландырғыш немесе есірткілік мастануын анықтау үшін дәрігерлік куәландырудан (сараптама) (бұндай куәландыруды сақтандыру жағдайына тап болған Сақтандырылған тұлға кез келген ЖКО кезінде өтуі тиіс) өтпесе;

<sup>1</sup> «Табиғи апаттар» – төтенше жағдай туындау салдарынан болған апат.

<sup>2</sup> «Лаңкестік акциялар» - лаңкестік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әрекеттердің жиынтығы және лаңкестік сипаттағы өзге қылмыстарды жасау.

- 16) біртіндеп әсер ететін себептер, онымен шектелмей, тозу, тотығу, тот басу, көгеру, бүлінген, дымқыл және құрғақ шіру, біртіндеп латенттік ақаулармен жағдайының нашарлауы, жасалғаннан бар ақаулар, біртіндеп дамиды өзгеріске ұшырау немесе бұрмалау, жәндіктердің, кез келген түрдегі паразиттердің/микробтардың және кеміргіштердің қалдықтары, зауыттық ақау;
- 17) төбесінен және люктерінен (егер тек орын алған сақтандыру жағдайының нәтижесінде тек төбесі мен люктеріне зақым келмесе) су өту немесе шыныларының ашық қалдырылуы;
- 18) жобада (дизайнында), ерекшеліктерінде, өндірісте, материалдарында қателер мен жаңсақтықтар;
- 19) сақтандыру жағдайы уақытында немесе тікелей сақтандыру жағдайынан кейін автомобиль көлігінің бөлшектерін ұрлау немесе жымқыру. Автомобиль көлігінің бөлшектері ұрлануы немесе талан-таражға түсуі тікелей сақтандыру жағдайы болмайтын жағдайда;
- 20) автомобиль көлігінің жарамсыздығы нәтижесінде электр және өзге құралдардың қысқа тұйықталуынан, оның ішінде электр сымдарынан туындаған өрт;
- 21) автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау;
- 22) автомобиль көлігінің қозғалтқышын қыздыру үшін ашық от көздерін пайдалану;
- 23) кез келген себеп бойынша, сақтандыру жағдайы сәтінде немесе тікелей оның алдында автомобиль көлігінде болған жолаушылардың жалпы саны осы автомобиль көлігінің үлгісі үшін бекітілген ең жоғары шамадан асырылса және/немесе автомобиль көлігінің жүк тиеу шекті нормасынан асырылса;
- 24) сақтандырылған автомобиль көлігін онда қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлік және т.б.) және/немесе оның кілттерімен ұрлау (айдап кету);
- 25) қосымша жабдықтар орнату немесе сақтандырылған автомобиль көлігінің құрылымына өзгеріс енгізу. Қосымша құрал-жабдық мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясында (ТҚС) орнатылған жағдайда Сақтандырылған Сақтандырушымен аталған жақсартуларды келісімдеу қажет, осы жағдайда ғана оқиға сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады;
- 26) сақтандырылған автомобиль көлігінің сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдамау;
- 27) Сақтандырушы және тәуелсіз сарапшы/бағалаушы бүлінген автомобиль көлігін тексергенге дейін автомобиль көлігіне жөндеу жүргізу;
- 28) мәлімделген оқиғаға бүлінудің сипаты мен оқшаулануының сәйкес келмеуі;
- 29) Сақтандырылған немесе өзге тұлға такси ретінде қызмет атқаруға рұқсат алғанына немесе өзге қажетті құжаттарды ресімдеуіне байланысты, сақтандырылған көлік құралын такси ретінде пайдалану, көлік құралын жалға беру. Осы тармақ жалға беру немесе такси ретінде жұмыс істеу мен сақтандыру жағдайының арасында себепті байланыстың болуына қатысты кез келген жағдайда қолданылады;
- 30) «Еуразиялық банк» АҚ-тың көлік құралын басқаруға жазбаша келісімінің болмауы (Сақтанушы бұл тармақтың алаяқтық іс-әрекеттердің алдын алуға бағытталғанын түсінеді және келіседі). Осы тармақ жазбаша келісім мен сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиға/сақтандыру жағдайы арасында байланыстың болуына немесе болмауына байланысты қолданылады».

#### **Сақтандыру жағдайлары болып табылмайтындар:**

- 1) ұрланумен, құралдардың жиынтығын жоюмен, зақым келумен, дәріхананы, өрт сөндірушіні, апаттық аялдама белгісін, стационарлық айдап кетуге қарсы құралдарды жоюмен келтірілген залалдар, егер олар шығарушы зауытпен бекітілген болса немесе қосымша құралдар ретінде сақтандырылмаса;
- 2) дөңгелектердің шиналарына немесе дискілеріне келтірілген залалдар, егер бұл ретте осы сақтандыру жағдайымен автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақым келгені жоқ болса;
- 3) тіркелген белгілерді ұрлаумен байланысты келтірілген залалдар;
- 4) оны пайдалану нәтижесінде, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуысына бөтен заттар мен бұйымдардың түсуі салдарынан автомобиль көлігінің агрегаттары мен тораптарының, бөлшектерінің істен шығып қалуына байланысты бас тартулар, сынықпен келтірілген залалдар;
- 5) автомобиль көлігінің, қосымша құралдарының, жүктің табиғи тозуымен байланысты залалдар;
- 6) қалқаны бүлдірумен және ұрлаумен байланысты залалдар - жүк автомобильдерін, жүк тасуға түрлендірілген жеңіл автомобильдерді, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді сақтандыру кезінде;
- 7) жануарлардың әрекеттерімен және қысқа тұйықталумен байланысты келтірілген залалдар;
- 8) осы Шартта көрсетілген сақтандыру жағдайының нәтижесінде алынған сақтандырылған көлік құралының тауарлық құнының жоғалуынан залалдар өтелмейді.

#### **Сақтандырушы келесілерге сақтандыру төлемін жүргізбейді:**

- 1) жанама және коммерциялық жоғалтулар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), оның ішінде тауарлардың немесе жұмыстардың (қызметтер көрсету) өндірісінің жеткізу мерзімдерінің, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге міндеттемелердің бұзылуымен байланысты айырылып қалған пайда; сақтандыру жағдайының салдарлары болып табылатын басқа да шығындар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алған автомобиль көлігін пайдаланғаны үшін төлемдер); жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығындары; табыстың жоғалуы; тоқтап қалуымен келтірілген шығындар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақым келтірілген автомобиль көлігін тасымалдауға кеткен залалдар);
- 2) моральдық зиян;
- 3) соттық шығындар;
- 4) автомобиль көлігінің тауарлық құнын жоғалтуы.

#### **Сақтандыру қорғанысы қолданылатын уақытта мыналарды қамтамасыз етуге міндеттенеміз:**

- 1) өтініш-сауалнамаға сәйкес автомобиль көлігі айдап әкетуге қарсы дабылдамамен және рульді иммобилизациялайтын құрылғымен жабдықталуына;
- 2) автомобиль көлігін сағат 22:00-ден сағат 06:00-ге дейін қалдырған кезде автомобиль көлігінің күзетілетін тұрақта немесе гаражда болуын қамтамасыз етуге;
- 3) автомобиль көлігін қараусыз қалдырған кезде барлық кілттерінің жабық болуын және айдап әкетуге қарсы дабылдаманың не рульді иммобилизациялайтын құрылғының қосылуына;
- 4) көлік құралының кілтін, сондай-ақ көлік құралының құжаттарын көлік құралында қалдырмауға.
- 5) Сақтандырушыға автомобиль көлігіне басқа сақтандыру компанияларымен жасалатын және жасалғандардың барлығы туралы жазбаша хабарлау;
- 6) осы Шарттың әрекет ету кезеңінде Сақтандырушыға/«Еуразиялық банк» АҚ-қа сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабарлау;
- 7) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері және/немесе салдары бар оқиғалардың туындауы туралы сақтандыру жағдайының туындаған күнінен бастап 3 күннен кешіктірмей жазбаша хабарлау;
- 8) сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдардың алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін болатын және мақсатқа сай шараларды қабылдау;
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарлары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты беру;
- 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауы үшін жауап беретін тұлғаға суброгация (кері кету құқығы) тәртібінде құқық талаптарының көшуін қамтамасыз ету;
- 11) сақтандыру төлемін алушы мен меншіктенуші «Еуразиялық банк» АҚ болып табылатындықтан, Сақтанушы «Еуразиялық банк» АҚ-тың келісімінсіз сотқа талап арыз бермеу;
- 12) зақымдалған автомобиль көлігіне жөнделу жүргізілген соң Сақтандырушының өкіліне автомобиль көлігін тексеруге және автомобиль көлігінің досьесіне тиісті ақпараттарды енгізу үшін барлық қажетті ақпараттарды (жөнделгенін растайтын құжаттар) беру. Аталған міндеттемені орындамау келесі сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға әкелуі мүмкін.

#### **Сақтандыру жағдайы туындаған кезде міндеттенемін:**

- қалыптасқан жағдайда мүмкін болатын шығындардың алдын алу немесе азайту шараларын, оның ішінде зақым келген автомобиль көлігін сақтаудың және құтқарудың (егер Сақтандыру нақтылы қабылданған шаралар туралы көрсетілімдерді хабарласа, оны сақтауы тиіс) барлық қисынды және қолжетімді шараларын қабылдау;
- оқиға орнында ЖКО бойынша құжаттар жасалғаннан кейін алты сағат ішінде дәрігерлік куәландырудан (сараптама) (бұндай куәландыруды сақтандыру жағдайына тап болған Сақтандырылған тұлға кез келген ЖКО кезінде өтуі тиіс) өту;
- сақтандыру жағдайы туындауында жағдайларға тергеу жүргізу үшін тиісті құзыретті, уәкілетті органдарға жүгіну, атап айтсақ:
  - а) жол полициясы органына - автомобиль көлігінің кез келген зақым келген жағдайларда;
  - б) өртке қарсы қызмет органы – өрттің нәтижесінде туындаған зақым келген жағдайда;
  - в) ПД тергеу органдарына - автомобиль көлігінің немесе оның агрегаттарының, бөлшектерінің, жүйелерінің, құрылғыларының, құрылымының және (немесе) мүліктерінің элементтерінің ұрланған жағдайында;
  - г) айналаны қоршаған ортаның жағдайын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға
    - тиісті аумақта табиғи апаттардың туындауы фактісін растаушы тиісті құжаттарды алу үшін табиғи апаттардың нәтижесінде автомобиль көлігінің бұзылуы жағдайында;
- оқиғаның уәкілетті мемлекеттік және өзге құзыретті органдарда ресімделуін қамтамасыз ету;
- оқиғаның мемлекеттік және өзге құзыретті органдарда құжаттық ресімделуі кезінде, оның ішінде жол-көлік оқиғасы кезінде көмек көрсету:
  - а) егер оларды анықтау мүмкін болса, кінәлі тұлғалар мен куәгерлердің деректерін жазып алу;
  - б) жол полициясы органының жол-көлік оқиғасын жасау кезінде ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің зақым келген жерлерінің бәрін бейнелеуіне бақылау жасау;
  - в) жол полициясы қызметкерлерінің оқиғаның сызбасын және автомобиль көлігінің жүру бөлігінде орналасуын құрастыру кезінде көмектесу және қатынасу, сызбамен келіспеген кезде оған қол қою кезінде өзінің пікірін көрсету;
  - г) жол полициясы органына болған жағдайды толық бейнелеумен түсініктеме жазу;
  - д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қойған кезде, жол полициясы органының шешімімен келіспеген кезде, хаттамада өзінің пікірін баяндау.
- залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға құқықтық талаптарын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін болатын және саналы шараларды қабылдау;
- қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, мереке және демалыс күндерін алып тастағанда, оны білген сол сағаттан бастап Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне оқиғалардың жағдайы, түрлері және келтірілген залалдың болжамды мөлшері туралы оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен одан әрі қарайғы әрекеттерді келісу, сондай-ақ Сақтандырушының бекіткен нысаны бойынша жазбаша өтініш беру;
- зақым келген автомобиль көлігін Сақтандырушы оны тексергенге дейін сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде қандай түрде болса, сол күйінде сақтау. Сақтандырылушы, егер ол қауіпсіздік пайымдаулары мәжбүрлесе, залалдың мөлшерін азайтуға немесе осыны жасауға Сақтандырушының келісімін алғаннан кейін келтірілген залалдың картинасын өзгертуге құқылы;
- Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүргізу үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беру;

- Сақтандырушыға сақтандырылған автомобиль көлігін құтқару және залалды азайту бойынша шараларға қатынасу, келтірілген залалдың мөлшері мен себептеріне қатысты тергеу, зақым келген автомобиль көлігін және сақтандыру жағдайының (оқиғаның) орнына зерттеу мен тексеру жүргізу мүмкіндігін ұсыну;
- Сақтандырушының мүддесіне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамау, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамау; қандай болса да қандайда бір ұсыныстарды қабылдамау; төлем жасамау және Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысты қандай да бір төлем жасауға уәде бермеу.
- Сақтандырушыға оның зардап шеккен автомобиль көлігін тексеруге кірісуіне мүмкіндік беру.
- ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде сақтандырылған автомобиль көлігін құтқарып және сақтап қалу үшін қалыптасқан жағдайларда қисынды және қолжетімді болатын шараларды қабылдау.

### **Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндеттенемін:**

*1) жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін:*

сақтандыру жағдайларының белгілері бар оқиғаның болуы туралы өтініш; өтініш берушінің жеке куәлігі; сақтандыру компаниясы істерін жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін көрсеткен жағдайда);

*2) сақтандырылған автомобиль көлігін сақтаудағы мүддені дәлелдеу үшін:*

сақтандырылған автомобиль көлігін иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізушілік куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылған болса, жалдау шартының көшірмесі; үшінші тұлғаның сақтандырылған автомобиль құралын басқаруы үшін рұқсат беру үшін «Еуразиялық банк» АҚ-қа жасалған сұратудың көшірмесі, автомобиль көлігін меншіктенушінің атынан иелену, пайдалану және/немесе иелік ету құқығын растайтын басқа да құжаттың көшірмесі; және т.с.с.);

*3) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:*

#### **а) жол-көлік оқиғасы кезінде:**

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың және оған қосымшалардың көшірмелері; оқиғаның орнын тексерудің көшірмесі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының болуы фактісін растайтын оқиғаларды жіктеу мен есеп, тергеуді жүзеге асыратын жол полициясы органдары және құқық қорғаушы органдар жасаған жол-көлік оқиғасына қатынасушылардың дәрігерлік тексеру анықтамалары (тергеу, сот және т.б.);

#### **б) үшінші тұлғалардың заңға қарсы әрекеттері кезінде:**

оқиғаның орнын тексерудің көшірмесі және қылмыстық іс қозғау туралы қаулы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту), іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдап кеткен не ұрлаған кезде); айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны бекіткен кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты соттың үкімі (не егер қылмыс жасауда кінәлі тұлға айқындалмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын не сақтандыру жағдайының болуы фактісін растайтын оқиғаларды жіктеу мен есеп, тергеуді жүргізуге арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге де құжаттар; ал автомобиль көлігін айдап кеткен кезде ұрланған автомобиль көлігінің (айдап кеткен) түпнұсқа кілттерінің болуында қосымша толық жиынтығы; сақтандырылған автомобиль көлігін жарақтандырғандардың болуында, барлық электрондық және электрондық-механикалық айдап кетуге қарсы жүйелерінің, механикалық айдап кетуге қарсы құрылғылардың барлық кілттері, басқару пульттерінің, брелоктардың, карточкалардың және активтік және пассивтік активаторларының толық жиынтығы;

#### **в) сұрапыл апаттар кезінде:**

гидрометеоқызыметінің, мемлекеттік комиссиялардың, сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын тергеуді, оқиғалардың жіктелуі мен есебін жүргізуге құзыретті органдардың аумақтық бөлімшелері жасаған актілер, қорытындылар, өзге құжаттар, не сақтандыру жағдайының туындауын растайтын фактілер;

#### **г) өзге де алдын алуға болмайтын оқиғалар кезінде:**

өртке қарсы және құқық қорғау органдарының актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, жол-көлік оқиғалары туралы хаттаманың және оған қосымшалардың көшірмелері; оқиғаның орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; оқиғалардың жіктелуі мен есебін жүргізуге уәкілетті арнайы органдардың (комиссиялардың) жасаған құжаттары не сақтандыру жағдайының туындауын растайтын фактілер;

*4) келтірілген залалдар мөлшерін дәлелдеу үшін:* Сақтандырушы тартқан тәуелсіз сараптау (бағалау) ұйымдарының қорытындысы.

Сақтандырушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының туындауына, автомобиль көлігінің сақталуына мүддені және келтірілген залалдардың мөлшерін растауға өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.

Сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындауы белгілері бар өтінішті және тиісті құжаттарды алу фактісі уәкілетті қызметкердің не Сақтандырушының өкілінің қолхатымен расталады.

Болған оқиғалар туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушыға қосымша сұралған құжаттарды беру.

Осы Шарт бойынша мамандандырылған ТҚС шотына сәйкес сақтандыру төлемі қарастырылмаған, бұл ретте сақтандыру төлемі Сақтандырушы тартқан тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебі негізінде жүзеге асырылады.

Осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін өндіру немесе сақтандыру жағдайын мойындау не мойындаудан бас тарту бойынша талап арыздар «Еуразиялық банк» АҚ-қа берілуі мүмкін. Сақтандырылған тұлғалар сақтандыру оқиғасы бойынша құжаттар жинақтауға және ұсынуға құқылы. Сақтандырылған автомобиль көлігін басқаруға сенімхат және/немесе жолсапар парағы берілген жағдайда тиісті тұлғаларды осы Сақтандыру талаптарымен таныстыруға

міндеттенемін және жаңа сақтандырылушылардың осы Сақтандыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенемін.

**Сақтандыру шартымен белгіленген және төмендегілерге тең сөзсіз франшиза туралы талаптардың маған мәлім екендігін растаймын:**

- *Автосалондарда сатып алынған жаңа автомобильдер үшін (барлық Бордеро үшін, оның ішінде бұрын жасалғандар қатысында):* ішінара бүлінген кезде сақтандыру сомасынан \_\_%; толық опат болған, ұрланған, айдап әкеткен, тонаған және қарақшылық шабуыл жасаған кезде сақтандыру сомасынан \_\_% (көлік құрал иесінің меншігінен шығарылған жағдайда)

- *Қайталама нарықта сатып алынған жаңа автомобильдер үшін (барлық Бордеро үшін, оның ішінде бұрын жасалғандар қатысында):* әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасынан \_\_%.

Автомобиль көлігі сақтандырылған соманың маған мәлім екендігін растаймын.

Сақтандырылушының «Бордерода көрсетілген көлік құралын меншіктенуші және «Еуразиялық банк» АҚ-тың жазбаша келісімімен осы көлік құралын басқаратын тұлғалар» болып табылатынын растаймын және келісемін.

Жоғарыда айтылған сақтандыру шарттары осы Сақтандыру шарттарына қол қойылған сәтте әрекет ететініне және сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы қосымша келісімге қол қою жолымен шартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, мұндай өзгерістер автоматты түрде маған және мен осы қосылу туралы өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізбестен орындалатынына келісемін.

Берілген Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтандырушыдан кез келген нысанда (жазбаша, электронды, смс хабарламалар және т.б.) сақтандыру қызметтері бойынша жарнамалық өнімді қоса, кез келген ақпаратты алуға өз келісімімді беремін.

Берілген Сақтандыру шартына қол қоя отырып, сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде және қауіп-қателерінің адын алуға сақтандыру мүддесіне ие екендігімді растаймын.

\_\_\_\_\_ (ТАӘ)

\_\_\_\_\_ (Қолы)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_